

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

**«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»  
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XVIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS  
of the XVIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023  
Астана**

**УДК 001+37**  
**ББК 72+74**  
**G99**

**«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

**ISBN 978-601-337-871-8**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.


В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

**УДК 001+37**  
**ББК 72+74**

**ISBN 978-601-337-871-8**

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2023**

12. Мен жиі қатты қобалжудан шаршаймын/Я довольно часто устаю от того, что сильно нервничаю.



Мазасыздықтың жоғары деңгейі адамның мақсаттарына жетуіне кедергі келтіреді, оқушыларды және студенттерді оқуда немесе болашақ кәсіби салада бәсекеге қабілетсіз етеді.

Мазасыздық күйінің себебі көбінесе жағымсыз әлеуметтік тәжірибенің немесе адам өміріндегі қиындықтардың нәтижесі болып табылады. Осы зерттеуде мазасыздық - жаңа тәжірибеге және оның студенттер мен оқушылардың өзін-өзі бағалауы мен күнделікті өміріне деген қауіп-қатер төндіруіне байланысты екенін көруге болады. Мазасыздық деңгейінің жоғары болуы адамның эмоционалдық бейімделуінің төмен деңгейімен байланысты болуы ықтимал.

Мазасыздықтың жоғары деңгейі байқалатын студенттер мен оқушыларға өзінің назарын жағымсыз оқиғалар мен олардың әлсіз жақтарынан алып, нақты мақсаттарды айқындауға және болашақтағы жеңістерге сенімділік сезімін қалыптастыруға назар аудару ұсынылады.

#### **Әдебиеттер**

1. Тарасова Р.Е. ПРОБЛЕМА ТРЕВОЖНОСТИ СТУДЕНТОВ.
2. Григорьева О.Ф., Холуева К.А. ОСОБЕННОСТИ ПРОЯВЛЕНИЯ ТРЕВОЖНОСТИ У СТУДЕНТОВ.
3. Прихожан А.М. Тревожность у детей и подростков: психологическая природа и возрастная динамика.

ӘОЖ 316.6

### **ОТБАСЫЛЫҚ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ: ҰРПАҚАРАЛЫҚ ТРАНСМИССИЯ ЖӘНЕ ЦИКЛДАР**

**Ақымбек Гүлазира Шардарбекқызы**

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Әлеуметтік ғылымдар факультеті, психология кафедрасының 1-курс докторанты, Астана, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі – п.ғ.д., профессор Меңлібекова Г.Ж.

Отбасындағы зорлық-зомбылық-қазіргі қоғамның маңызды мәселелерінің бірі. Бұл көптеген елдерде, соның ішінде Қазақстан үшін де өте өзекті болып отыр. Сонымен қатар, біздің

елімізде мұндай жағдайлардың саны жыл сайын өсіп келеді. Бұл мәселені зерттеу балалық шақтағы зорлық-зомбылықтың балалардың психологиялық саулығына және олардың тұлғасының жалпы дамуына, кейінгі отбасылық өміріне үлкен әсер ететіндігіне байланысты өте маңызды болып табылады.

Отбасындағы зорлық-зомбылық барлық уақытта болған, бірақ ол өткір әлеуметтік мәселе ретінде қарастырылмады. Гендерлік зорлық-зомбылық-бұл агрессиялық көріністің бірі, жыныс белгісі негізінде басқа адамға зиян келтіретін мінез-құлық. Осы зорлық-зомбылықтың салдарынан, күресуге болатын көптеген әлеуметтік және психологиялық мәселелерді тудырады [1].

БҰҰ-ның «Әйелдерге қатысты кемсітушіліктің барлық түрлерін жою туралы» негізгі құжаты 1979 жылы пайда болды, алайда соңғы уақыттары әйелдердің отбасылық зорлық-зомбылықтың құрбаны болу мәселесі әлемдік қоғамдастықты алаңдата бастады. Көптеген елдердің статистикасы қазіргі заманда осы қорқынышты құбылыстың оң динамикасын көретіп отыр. Біріккен Ұлттар Ұйымы әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықты «қоғамдық немесе жеке өмірде болсын әйелдерге физикалық, жыныстық немесе психологиялық зиян келтіретін немесе азап шегуі мүмкін жыныстық белгі негізінде жасалған кез келген зорлық-зомбылық, соның ішінде мұндай әрекеттерді жасау қаупі, мәжбүрлеу немесе ерікті түрде бас бостандығынан айыру» деп анықтайды [2].

Сондықтан да БҰҰ құрылған сәттен бастап ұзақ уақыт бойы назардан тыс қалған осы мәселеге яғни әйелдер құқығына ерекше назар аударып келеді. 1990 жылдары бұл мәселе адам құқықтары мәселесі ретінде қарастырылды және БҰҰ күн тәртібінің ажырамас бөлігіне айналды. Содан бері әйелдерге қатысты зорлық-зомбылыққа көбірек көңіл бөлініп келе жатыр және қазіргі уақытта БҰҰ-ның басты тақырыбы болып табылады. Әлемдегі кез келген мемлекеттегі әйелдердің қарапайым ұйымдары бұл мәселе туралы ақпараттарды арттыруда маңызды рөл атқарады. Олар әйелдердің зорлық-зомбылығы кездейсоқ, жеке әрекеттердің нәтижесі емес, теңсіздік құрылымында терең тамыры бар екенін көрсетті.

Бүгінгі таңда отбасындағы зорлық-зомбылық өмірдегі қиын жағдайға әкелетін әлемдегі ең жаһандық және кең таралған мәселелердің бірі болып табылады. Ұзақ уақыт бойы тұрмыстық зорлық-зомбылық мәселесіне жеткілікті көңіл бөлінбеді және өткен ғасырда ғана бұл мәселе әйелдер ұйымдары мен бұқаралық ақпарат құралдарының арқасында өткір әлеуметтік мәселе деп белгілене бастады. Бұл мәселе бүкіл әлемді қамтып отыр және оны жою үшін қажетті шараларды қажет етеді [3].

Қазақстанда отбасындағы зорлық-зомбылық туралы көпшілік алдында жуырда ғана айтыла бастады. 1993 жылы әйелдердің қоғамдық ұйымдарының бастамасымен осы мәселеге арналған алғашқы басылымдар баспаға шықты. Әйелдер қозғалысының арқасында алғашқы сенім телефондары, дағдарыс орталықтары, баспаналар мен тұрмыстық зорлық-зомбылықтан зардап шеккендерге арналған баспаналар құрылды [4].

Қазақстан, БҰҰ-ға мүше көптеген басқа елдер сияқты, гендерлік теңдікті қамтамасыз ету саласындағы барлық негізгі халықаралық міндеттемелерге, оның ішінде 2030 жылға дейінгі тұрақты даму Мақсаттарына қосылды, мұнда 5-ші мақсаттың басты міндеттерінің бірі әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықты жою болып табылады. Қазақстандық қоғамдағы зорлық-зомбылықтың алдын алу және оған қарсы күрес мемлекеттік саясаттағы маңызды басымдықтардың бірі болып табылады және Қазақстан қабылдаған және қазіргі уақытта ұлттық деңгейде іске асырылып жатқан міндеттемелерге жатады.

Жалпы отбасылық (тұрмыстық) зорлық-зомбылық алғаш рет 19 ғасырдың аяғында әлеуметтік мәселе ретінде танылды. Алайда, XX ғасырдың ортасына дейін бұл тақырыпқа қатысты маңызды және үлкен зерттеулер болған жоқ. Сол кезде жүргізілген зерттеулер негізінен отбасылық (тұрмыстық) зорлық-зомбылық түрлеріне қатысты болды. Мысалы, өткен ғасырдың

60-жылдарында балалардың қадағалаусыз қалуы және балаларға физикалық зорлық-зомбылық мәселелерімен айналысқан Генри Кемпе 1962 жылы алғаш рет «Ұрылған бала синдромы» терминін ғылыми айналымға енгізген болатын [5].

Статистикалық деректер отбасылық (тұрмыстық) зорлық-зомбылықтың жалпы әлемдік ауқымда, жекелеген елдің ауқымында да, атап айтқанда Қазақстанда да қауіп төндіріп отырған құбылыс екенін дәлелдейді. Бұған мысал, *БҰҰ-ның әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық мәселелері жөніндегі ведомствоаралық жұмыс тобының тапсырмасы бойынша ДДҰ 2018 жылы өткізген 2000-2018 жылдар аралығындағы 161 ел мен аудан бойынша әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық мәселесінің таралуы туралы деректерді талдау нәтижелері бойынша бүкіл әлемде әрбір үшінші әйел немесе әйелдердің 30%-ы өмір бойы интимдік серіктес тарапынан физикалық немесе жыныстық зорлық-зомбылыққа, не басқа адамның тарапынан жыныстық зорлық-зомбылыққа немесе екеуіне де ұшырайтынын көрсетеді*[6].

Отбасылық зорлық-зомбылықты тудыратын себептер белгілі бір әлеуметтік топқа да, жеке елдің өзіне де тән болуы мүмкін. Көптеген зерттеушілер көпшілік елдерге тән отбасылық зорлық-зомбылықтың жалпы себептерін белгілейді. Атап айтқанда, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың себептері арасында «әлеуметтік-экономикалық дамудың төмен деңгейі, кедейліктің жоғары болуы, білім деңгейінің төмендігі және демократиялық мәдениетінің болмауы» жиі бөліп көрсетеді [7]. Отбасылық зорлық-зомбылықтың тағы бір себебі «ұрпақтар арасындағы зорлық-зомбылық циклін» ерекше атап өтуге болады.

Өкінішке орай, зорлық-зомбылықтың түрлі әдістері қолданылатын бұл құбылыс ұрпақтан-ұрпаққа берілетін «ұрпақаралық зорлық-зомбылық циклі» бар. Балалық шақтағы зорлық-зомбылықты бастан өткерген адам үшін бұл нормаға айналып, оның басқа адамдармен қарым-қатынасы зорлық-зомбылыққа айналады. Демек «зорлық-зомбылық тек зорлық-зомбылыққа әкеледі» - бұл үлкен қоғамдық мәселе [8].

Бұған мысал ретінде Ресейде Костром облысында 2012 жылы жүргізілген зерттеуді келтіруге болады. «Отбасындағы әйелге қатысты зорлық-зомбылық» атты сандық зерттеуге 500 әйел қатысып сауалнама жүргізіледі. Бұл зерттеудің маңызды нәтижесі зорлық-зомбылыққа бейімділіктің ұрпақаралық берілу дәрежесін бағалауға мүмкіндік берді деп санауға болады. Ересек ұлы бар әрбір үшінші әйел ұлының әкесі оған қалай қараған болса, өз әйеліне де қатыгездік көрсететінін атап өткен. Зерттеу нәтижесі бойынша «әкесі әйелі мен балаларын қорлаған, қысым көрсеткен отбасыларда өскен ұлдардың отбасылық өмірі де дұрыс дамымайды» деген болжам қабылданған [9].

Зорлық-зомбылықтың ұрпақаралық циклдары Қазақстандағы отбасыларда да мәселе болып табылады. 2017 жылы Қазақстанда жүргізілген зерттеу барысында балалық шағында физикалық зорлық-зомбылыққа ұшыраған ересектер, балалық шағында физикалық зорлық-зомбылыққа ұшырамаған ересектермен салыстырғанда (тиісінше 60% және 30%) тәртіптік және балаларын бақылау шаралары ретінде психологиялық (72%) және физикалық (48%) зорлық-зомбылықты қолдануы ықтималдығы бар екендігі анықталған. Осы зерттеуде көрсеткендей, интернат мекемелерінде қатысқан балалардың 79%-ы және мектептерде жүргізілген сауалнамаға қатысқан балалардың 62%-ы отбасылық зорлық-зомбылыққа ұшыраған.

Мекемелерде (67%) және мектептерде (59%) сауалнама алған балалар ата-аналары немесе қамқоршылары тарапынан психологиялық зорлық-зомбылыққа ұшыраған. Мекемелерде сауалнама алған балалар (39%) ата-аналары немесе қамқоршылары тарапынан физикалық зорлық-зомбылықты мектептерде сауалнамаға қатысқан балаларға қарағанда екі есе жиі бастан кешірген (17%). Мекемелерде сауалнамаға қатысқан балалар (37%) мектептерде сауалнама алған балаларға қарағанда екі есе көп (15%) ата-аналары немесе қамқоршылары тарапынан психологиялық және физикалық зорлық-зомбылықты бастан кешірген.

Сонымен қатар бауырлар бір-бірін ұрып-соғатын жағдайлар да соншалықты кең таралған, бірақ оны физикалық зорлық-зомбылық деп санайтындар аз. Дегенмен, ата-аналардың араласуымен бақыланбайтын зиянды агрессия мен кек алудың күшеюіне қатысты бауырлар арасындағы физикалық зорлық-зомбылық отбасындағы зорлық-зомбылықтың бір түрі ретінде көрсететін көптеген әдебиеттер де бар. Осы зерттеуде мекемелердегі балалардың 24%-ы және мектептердегі балалардың 14%-ы бауырларының зорлық-зомбылығына ұшырағанын көрсетеді. Басқа зерттеулер көрсеткендей, бауырластар арасындағы зорлық-зомбылық эмоционалды және мінез-құлық мәселелері, қоғамға қарсы мінез-құлық және травманың әртүрлі түрлері сияқты балалардың тұлғасында жағымсыз салдарға әкеледі. Бауырлар арасындағы зорлық-зомбылық олардың ересек өміріне де тасмалдануы мүмкін [10].

Бұдан шығатын қорытынды адамдардың өз балаларына көрсететін агрессия күшейіп, қазіргі әлемде апатты сипатқа ие деп айтуға болады [11]. Сонымен қатар ұрпақаралық зорлық-зомбылықтың салдары қылмыстық сипатқа да ие.

Зерттеулердің көрсетуі бойынша отбасындағы қылмыстық зорлық-зомбылықтың генезисі себептілік принципіне негізделген. Отбасылық зорлық-зомбылықты қарастырып отырған батыстық криминологтарының көпшілігі, отбасындағы қылмыстық мінез-құлықтың генезисін субъектілердің қоғамда өмір сүре алмауына, ата-аналардың балаларға, әйелдерге зорлық-зомбылық жасауға (интеракционизм теориясы); алкоголизм мен психикалық бұзылуларға (психопатологиялық теория) бейімділігімен, қоғамдағы және отбасындағы ер адам үстемдігімен (феминистік теория) түсіндіреді. Демек зорлық-зомбылықтың ұрпақаралық циклін жоғарыда көрсетілген теориялармен тұжырымдауға болады [12].

Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың ұрпақтан ұрпаққа тасмалданып отыру себептерін физикалық зорлық-зомбылықтың классификациясымен де көрстеуге болады.

Жалпы физикалық зорлық-зомбылықтың себептерін шартты түрде үш топқа бөлуге болады:

1. Ер адамның тұлғалық ерекшеліктері мен оның өмір тарихынан туындаған себептер;
2. Әйелдердің тұлғалық ерекшеліктері мен оның өмір тарихынан туындаған себептер;
3. Неке қатынастарының ерекшеліктеріне байланысты себептер.

Олардың әрқайсысы зорлық-зомбылықты анықтаушы бола алады, алайда осы себептердің барлық жиынтығы әйелдердің отбасылық зорлық-зомбылықтың құрбаны болуына әкеледі.

Дағдарыс орталықтарының статистикасын талдау нәтижесі көрсеткендей, ер адамның тұлғасы және оның өмір тарихына байланысты зорлық-зомбылықтың ең типтік себептеріне келесі себептерді жатқызады:

- 1) әкесі анасын ұрумен көрінетін ата-аналық сценарий;
- 2) бала кезінде ер адамды әкесі мен анасы жиі ұрып-соғу;
- 3) отбасында әйелдер мен ер адам жағдайына дәстүрлі көзқарастың болуы (ер адам абсолютті және сөзсіз отбасы басшысы);
- 4) әйелдің жәбірленуші ролінде болу қажеттілігі бар және онымен ажырасудың нақты мүмкіндіктері жоқ деген ер адамның сенімі;
- 5) өзінің үстем жағдайына қатысты алаңдаушылық пен мазасыздықтың жоғары деңгейі;
- 6) ішімдікті үнемі тұтыну;
- 7) өзін-өзі тану мен өзін-өзі бақылаудың төмен деңгейі;
- 8) жасалатын іс-әрекеттер үшін жауапкершілікті қабылдауға қабілетсіздігі;
- 9) экономикалық және тұрмыстық себептерге байланысты стресстің жоғары деңгейінің болуы;
- 10) басқа адамға зиян келтіруге деген айқын ниеттің болуы;

11) психопатия және т. б.

Әйелдер үшін ата-аналық отбасындағы қолайсыз өмірлік жағдайға байланысты себептер де қауіп факторлары ретінде әсер етеді. Мұнымен қоса қазіргі әйелдердің мінез-құлқы мен тұлғалық келесі ерекшеліктерді де жатқызуға болады:

1) әйелдің күйеуіне психологиялық тәуелділігінің жоғары деңгейі;

2) әйелдің ер адамға экономикалық тәуелділігі;

3) отбасындағы әйелдің төмен білім деңгейі;

4) әйелде физикалық кемшіліктердің болуы (әсіресе егер ол бірге өмір сүру процесінде пайда болды);

5) өзін-өзі бағалаудың төмендігі;

6) жыныстық белсенділік жеткіліксіз болуы және т. б.

Ерлі-зайыптылардың қарым-қатынасы зорлық-зомбылыққа әкелетін келесі көріністермен сипатталады:

1) жанжал және отбасындағы тұрақты жанжалдар;

2) ерлі-зайыптылардың өзара қарым-қатынасындағы ауызша агрессия;


3) отбасындағы билік пен үстемдік үшін күрес;

4) отбасының әлеуметтік-экономикалық жағдайының төмен болуы;

5) ерлі-зайыптылардың өзара әрекет пен өзара қарым-қатынастарындағы ригидтілік


[13].

Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың ұрпақтан ұрпаққа тасмалданып отыру көрінісін анықтау мақсатында біз 18-25 жас аралығындағы жастарға сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға 78 студент қыздар қатысты. Респонденттердің 65% отбасын құрған, ал қалған 35% отбасын құрмаған жастар. Олардың ата-аналарының әлеуметтік мәртебесі бойынша кәсіпкерлер 8%, жоғары білімі бар жұмыс істейтіндер 32%, жоғары білімі жоқ, жұмыссыздар 12%, жоғары білім жоқ түрлі табыс табумен айналысатындар 25%, зейнеткерлер. Сауалнаманың «Өзіңіздің туып өскен отбасы мүшелерінің арасындағы қарым-қатынасқа көңіліңіз толады ма?» деген сұраққа 89,6% иә, 4,5% жоқ және жауапберуге қиналамын деушілер 6% көрсетті. «Сіз ерлі-зайыптылардың біреуі отбасында басым рөл атқаруы немесе отбасы үшін жауапкершілікті өз мойнына алуы керек деп ойлайсыз ба?» деген сұраққа ерлі-зайыптылар тең құқылы болу керек (67,2%), ерлі-зайыптылардың біреуі отбасында басым рөл атқаруы керек (31,3%) және жауап беруге қиналамын (1,5%) деп жауап берді. Тұрмыстық зорлық-зомбылықты қоғамның мәселесі ретінде қарайтындар (82,1%), отбасындағы қалыпты мәселе (11,9%), отбасында әйеліне көрсететін зорлық-зомбылық (3%), қарым-қатынастың ушығып кетуі (3%) деп түсінеді. Ата-ана тарапынан сізге деген қатынасында қандай қиындықтарды көрдіңіз? деген сұраққа респонденттердің жауабы төмендегі суретте ұснылып отыр.



1-сурет. Балалардың ата-ана тарапынан көрінетін қиындықтардың көріну шамасы.

«Сіздің отбасыңызда оның мүшелері арасында жанжалдар қаншалықты жиі болды?» деген сұрақтың жауаптары төменде берілген.



2-сурет. Отбасында жанжалдардың көріну жиілігі.

Ал енді отбасындағы жанжалдар кімдердің арасында болады деген сұраққа ата-аналардың арасында (20,9%), ата-аналар мен балалар арасында (16,4%), балалар арасында (7,5%), басқа отбасы мүшелерінің араласуынан (7,5%) және жанжалдар болған жоқ деп жауап бергендер (46,3%). Респонденттер ата-аналары оларға қатысты ешқандай физикалық зорлық-зомбылық (шашынан тарту, ұрып соғу, итеру, зиян тигізуі мүмкін заттарды оған лақтару және т.б.) көрсеткен жоқ деп жауап берсе тек (26,9%) психологиялық зорлық-зомбылық көргенін белгілейді. Ата-ананың респонденттерге көрсеткен кез келген зорлық-зомбылықтың себебін ата-аналық рөлі атқара алмауынан (3,3%), ата-ана мен бала арасындағы түсініспеушіліктен (24,6%), отбасындағы әлеуметтік мәселелерден (маскүнемдік, нашақорлық және т.б.) (9,8%), өзін кінәлімен деп санайтындар (19,7%), ал қалған зерттелушілер мұндай әрекеттер болған жоқ (42,6%) деп көрсетеді. Респонденттердің әкелерінің аналарына көрсеткен психологиялық және физикалық зорлық-зомбылықты қолдану жиілігінің көрсеткіші төмендегі кестеде ұсынылған.

Кесте-1. Отбасында зорлық-зомбылық түрлерінің көріну жиілігі.

Зорлық-зомбылықтың көріну жиілігі	Психологиялық зорлық-зомбылық	Физикалық зорлық-зомбылық
Өте жиі (аптасына бірнеше рет)	1,5%	0%
Жиі (айына 2-3 рет)	4,5%	1,5%
Мезгіл-мезгілімен (жарты жылда бірнеше рет)	7,5%	3%
Сирек (жылына 2-3 рет)	7,5%	4,5%



Өте сирек (жылына бір рет)	3%	7,5%
Ешқашан	73%	80,5%
Жауап беруге қиналамын	3%	3%

Жоғарыда берілген нәтижелерді саралай келе зерттеуге қатысқан жастардың ата-аналардың үштен бір бөлігінде психологиялық зорлық-зомбылықты, ал физикалық зорлық-зомбылықтан әрбір бесінші ана зардап шегетіндігі анықталды. Ата-аналардың тарапынан балалар көпшілігінде вербалды агрессияны және психологиялық зорлық-зомбылықты сезінетіндерін байқауға болады.

Сонымен отбасы әлеуметтік нормалардың негізін қалайтын және жеке тұлғаның бастапқы әлеуметтену үдерісіне әсер ететін, экономикалық және мәдени процестерге қатысатын қоғамның маңызды құрылымдық құрамдас бөлігі болып табылады. Сондықтан отбасының саулығы мен тұрақтылығы қоғамның әлеуметтік-экономикалық және саяси тұрақтылығының шарты болып табылады, сондай-ақ кез келген мемлекеттің стратегиялық қауіпсіздігіне кепілдік береді.

#### Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Садыков Р.М., Большакова Н.Л., Хамадеева Р.Х. Социальная деятельность негосударственных организаций в отношении семей с детьми. Вестник университета. 2021;(4):189–194. <https://doi.org/10.26425/1816-4277-2021-4-189-19>
2. Организация Объединенных Наций. Декларация об искоренении насилия в отношении женщин. Нью-Йорк, ООН, 1993 г.
3. Садыков Р. М., Большакова Н. Л. Насилие в семье в новых российских реалиях: сущность, виды и причины //Вестник университета. – 2022. – №. 8. – С. 171-178.
4. Г.А. Кенжакимова, Д.У. Кенжакимова. Насилие в семье как социальная проблема. Вестник КазНУ. Серия психологии и социологии. №4 (43). 2012
5. Волосова Н. Ю. Семейное (домашнее) насилие как проблема междисциплинарного характера //Вопросы российского и международного права. – 2017. – Т. 7. – №. 3А. – С. 310-319.
6. Violence against women Prevalence Estimates, 2018. Global, regional and national prevalence estimates for intimate partner violence against women and global and regional prevalence estimates for non-partner sexual violence against women. WHO: Geneva, 2021.
7. Prifti A., Zenelaj E. Psycho-social, Criminological and Legal Aspects of Domestic Violence in Albania //JL Pol'y & Globalization. – 2013. – Т. 13. – С. 19.
8. Насилие в семье: Особенности психологической реабилитации. Учебное пособие/Под ред. Н.М. Платоновой и Ю.П. Платонова. – СПб.: Речь, 2004.
9. Попова Ирина Викторовна Опыт исследования проблемы семейного насилия // Научный диалог. 2012. №4. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/opyt-issledovaniya-problemy-semeynogo-nasiliya> (дата обращения: 20.03.2023).
10. Насилие в отношении детей в семьях в Казахстане: исследование знаний, отношения и практики. Краткий аналитический отчет. Астана, 2017 г.
11. Положение детей в мире 2011. Доклад UNICEF
12. Харламов В.С. Теория и практика противодействия преступному насилию в семье (системное криминологическое и уголовно-правовое исследование): автореф.дис...д-ра юрид.наук. СПб., 2018.– С. 394.
13. Насилие в семье: Особенности психологической реабилитации. Учебное пособие / Под ред. Н. М. Платоновой и Ю. П. Платонова. — СПб.: Речь, 2004.- 154с.